

## Санитариялық-эпидемиологиялық мониторингті жүргізу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 13 қарашадағы № ҚР ДСМ-193/2020 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 16 қарашада № 21640 болып тіркелді.

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 114-бабының 5-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 07.03.2025 № 17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Қоса беріліп отырған Санитариялық-эпидемиологиялық мониторингті жүргізу қағидалары бекітілсін.

2. "Санитариялық-эпидемиологиялық мониторингті жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 19 шілдедегі № 326 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14128 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 9 қыркүйекте жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрі*

*А. Цой*

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрі

## Санитариялық-эпидемиологиялық мониторингті жүргізу қағидалары

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Санитариялық-эпидемиологиялық мониторингті жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 114-бабының 5-тармағына сәйкес әзірленген және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелерінің, мемлекеттік ұйымдарының (бұдан әрі – аумақтық бөлімшелер, ведомстволық бағынысты ұйымдар) санитариялық-эпидемиологиялық мониторингті жүргізу тәртібін анықтайды.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 07.03.2025 № 17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. Осы Қағидаларда мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган – халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік саясатты, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерде және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде белгіленген талаптардың сақталуын бақылау мен қадағалауды іске асыратын мемлекеттік орган;

2) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік ұйым – "Ұлттық сараптама орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны.

3. Санитариялық-эпидемиологиялық мониторинг халық денсаулығы мен тіршілік ету ортасының жағдайына жинау, өңдеу, жүйелеу, талдау, бағалау және болжау арқылы бақылаудың, сондай-ақ халық денсаулығының жағдайы мен тіршілік ету ортасы жағдайының арасындағы себеп-салдарлы байланыстарды айқындаудың мемлекеттік жүйесі болып табылады.

4. Санитариялық-эпидемиологиялық мониторинг жүргізудің мақсаты адам денсаулығына тіршілік ету ортасы факторларының (химиялық, физикалық, биологиялық, әлеуметтік) әсер етуі туралы дәйекті ақпарат алу, уланулардың пайда болуының және инфекциялық аурулардың, кәсіптік аурулардың өршуінің алдын алу бойынша орындалатын іс-шаралардың тиімділігін бағалау, олардың пайда болуын болжау мүмкіндігі болып табылады.

5. Санитариялық-эпидемиологиялық мониторинг және орындалатын іс-шаралардың тиімділігін бағалау Кодекстің 95-бабында белгіленген тәртіппен бекітілген

санитариялық-эпидемиологиялық нормалаудың мемлекеттік жүйесі құжаттарының (санитариялық қағидалар, гигиеналық нормативтер, техникалық регламенттер, әдістемелік нұсқаулар және ұсынымдар) талаптарына сәйкестігіне жүргізіледі.

6. Санитариялық-эпидемиологиялық мониторингті ұйымдастыру-әдістемелік, нормативтік-құқықтық және бағдарламалық-техникалық қамтамасыз етуге басшылық етуді және үйлестіруді халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган (бұдан әрі – мемлекеттік орган) жүзеге асырады.

7. Санитариялық-эпидемиологиялық мониторинг санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауға жататын объектілер мен өнімдерге, зертханалық және аспаптық зерттеулерге, инфекциялық, инфекциялық емес және кәсіптік сырқаттанушылық көрсеткіштеріне, санитариялық-эпидемиологиялық және профилактикалық іс-шараларға қатысты жүргізіледі.

8. Санитариялық-эпидемиологиялық мониторингті жүргізу кезең-кезеңмен жүзеге асырылады және:

1) зертханалық және құрал-саймандық зерттеу әдістерін қолдана отырып, Кодекстің 36-бабының 3-тармағына сәйкес бекітілген мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық бақылауға және қадағалауға жататын эпидемиялық маңызы бар объектілердің тізбесіне сәйкес мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауға жататын объектілерге жүргізілген санитариялық-эпидемиологиялық тексерулердің нәтижелері бойынша халық денсаулығы мен адамның тіршілік ету ортасының жағдайы туралы деректерді (цифрлық, талдамалық) жинауды, өңдеуді, жүйелеуді;

2) санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау және бақылау өнімдері мен объектілерін зертханалық және құрал-саймандық зерттеу нәтижелері негізінде халықтың адамның денсаулығы мен тіршілік ету ортасы жағдайының арасындағы себеп-салдарлы байланыстарды, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығының өзгеру себептері мен шарттарын талдауды және анықтауды;

3) тіршілік ету ортасы факторларын сәйкестендіруді және санитариялық-эпидемиологиялық мониторинг жүйесінде зертханалық бақылауды оңтайландыру үшін денсаулықтың бұзылуының жетекші көрсеткіштерін іріктеп алуды;

4) инфекциялық және жаппай инфекциялық емес аурулар (уланулар) анықталған жағдайда олардың пайда болу және таралу себебі мен жағдайларын анықтауды;

5) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығын қамтамасыз ету мақсатында санитариялық-эпидемиологиялық мониторинг жүргізу бойынша ведомствоаралық өзара іс-қимыл жасауды;

6) адамның тіршілік ету ортасының өзгеруіне байланысты халықтың денсаулық жағдайының өзгеруін бағалауды және болжауды;

7) зиянды факторлардың халық денсаулығына әсер етуінің алдын алу және оларды жою бойынша шұғыл және ұзақ мерзімді іс-шараларды айқындауды;

8) ауданның, облыстың және республиканың әлеуметтік-гигиеналық мониторингінің ақпараттық-талдамалық жүйелерін, желілерін, бағдарламалық материалдары мен деректер базаларын құруды және санитариялық-эпидемиологиялық мониторинг деректерін сақтауды қамтиды.

## **2-тарау. Қолданылу саласы**

9. Санитариялық-эпидемиологиялық мониторинг деректері мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелері, ведомстволық бағынысты ұйымдарының жұмысында пайдаланылады.

10. Санитариялық-эпидемиологиялық мониторинг нәтижелері бойынша:

1) өзгерістердің даму серпінін, бағыттылығын және қарқындылығын сипаттайтын жиынтық мәліметтер, баяндамалар, ұсынымдар, ғылыми болжамдар, диаграммалар, кестелер жасалады.

2) Қазақстан Республикасының аумағында халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығын қамтамасыз ету саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасын бұзушылықтарды жою мақсатында талдау және басқарушылық шешімдерді қабылдау жүргізіледі.

11. Санитариялық-эпидемиологиялық мониторинг нәтижелері Комитеттің ресми интернет-ресурсында жартыжылдықтың және жылдың қорытындылары бойынша орналастырылады және жылдың қорытындылары бойынша Комитеттің кеңесінде, сырқаттанушылық көрсеткіштері, қоршаған орта объектілері жағдайының көрсеткіштері өзгерген жағдайда, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның кеңестерінде тыңдалады.

## **3-тарау. Санитариялық-эпидемиологиялық мониторинг деректерін ресімдеу**

12. Санитариялық-эпидемиологиялық мониторингтің бақыланатын параметрлері бойынша деректер есептіліктің мынадай нысандарында ресімделеді:

1) осы Қағидаларға 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша инфекциялық сырқаттанушылықты мониторингілеу;

2) осы Қағидаларға 11, 12, 13, 14, 15, 16-қосымшаларға сәйкес жас санаттары бойынша инфекциялық сырқаттанушылықты мониторингілеу;

3) осы Қағидаларға 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23-қосымшаларға сәйкес санитариялық-гигиеналық қадағалауды мониторингілеу;

4) осы Қағидаларға 24, 25, 26, 27-қосымшаларға сәйкес зертханалық зерттеулер мен аспаптық өлшеулерді мониторингілеу;

5) осы Қағидаларға 28-қосымшаға сәйкес кәсіптік сырқаттанушылықты және улануларды мониторингілеу;

б) осы Қағидаларға 29-қосымшаға сәйкес санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауға жататын өнімді мониторингілеу.

**Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 07.03.2025 № 17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

13. Санитариялық-эпидемиологиялық мониторинг бойынша есептілік нысандары компьютерлік өңдеуге жол берілетін Excel форматында толтырылады.

14. Санитариялық-эпидемиологиялық мониторинг бойынша есептілік нысандарына есептерді ұсынатын мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелері мен ведомстволық бағынысты ұйымдарының басшылары қол қояды.

#### **4-тарау. Санитариялық-эпидемиологиялық мониторингі жүргізу**

15. Санитариялық-эпидемиологиялық мониторинг республикалық, облыстық, аудандық деңгейде жүзеге асырылады.

16. Мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелерінде, ведомстволық бағынысты ұйымдарында бірінші басшылардың бұйрықтарымен санитариялық-эпидемиологиялық мониторингі жүзеге асыруға байланысты жұмысқа жауапты адамдар бекітіледі.

17. Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының филиалдары, сондай-ақ халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік ұйым филиалдарының қалалық және аудандық бөлімшелері:

1) санитариялық-эпидемиологиялық сараптама жүргізу туралы нұсқамалар бойынша санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауға жататын өнімге қатысты санитариялық-эпидемиологиялық мониторинг шеңберінде өнімнің сынамаларын іріктеуді, сондай-ақ халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің, оның ішінде Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкес зертханалық және аспаптық зерттеулерді жүргізеді, жүргізілген зерттеулер туралы деректерді жинауды, оларды алғашқы өңдеуді жүзеге асырады;

2) аудандық, облыстық деңгейлердегі тиісті аумақтардағы, сондай-ақ Астана, Алматы және Шымкент қалаларындағы мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелеріне жүргізілген зерттеулер бөлігінде деректерді осы Қағидалардың (1) тармақшасын қоспағанда) осы Қағидалардың 19-тармағында көрсетілген мерзімдерге дейін 3 жұмыс күні бұрын 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 16, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28-қосымшаларға сәйкес береді.

**Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 07.03.2025 № 17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

18. Мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелері:

1) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес бақылау және қадағалау объектілерін тексеруді қоса алғанда халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саласындағы қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес тиісті аумақта санитариялық-эпидемиологиялық, профилактикалық және эпидемияға қарсы іс-шараларды жүргізеді;

2) филиалдардың аудандық бөлімшелері және облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының филиалдары ұсынған ақпаратты жинауды және жүйелеуді жүргізеді, тексерулер нәтижелері бойынша өз құзыреті шегінде жүргізілген іс-шаралар бөлігінде ақпаратты толықтырады;

3) сырқаттанушылықтың пайда болуының (көрсеткіштердің көбеюі) сыртқы орта объектілерінің (өнімдер, су, ауа, топырақ) ластануымен байланысын растау мақсатында ұсынылған ақпаратқа талдау жүргізу жолымен тіршілік ету ортасы факторлары әсерлерінің себеп-салдарлы байланыстарын анықтайды;

4) осы факторлар бойынша тәуекелдерге уақтылы бағалау жүргізу және халықтың өмірі мен денсаулығына қауіп-қатердің пайда болуының алдын алу мақсатында халық денсаулығының бұзылу тәуекелінің жетекші факторларын іріктеуді жүргізеді;

5) сырқаттанушылықтың артуының алдын алуға бағытталған жоспарланған іс-шараларды уақтылы дайындау және тиімділігі мақсатында тиісті аумақта сырқаттанушылық, халық денсаулығының және адамның тіршілік ету ортасының жағдайын болжауды жүзеге асырады;

6) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнаманың бұзылуын жою туралы санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау саласындағы актілерді шығару, ақпаратты мүдделі мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарына (қажет болған жағдайда) жіберу, коммуникативтік жұмысты жүргізу жолымен халық денсаулығына зиянды факторлардың әсер етуінің алдын алу және оларды жою бойынша шұғыл және ұзақ мерзімді іс-шараларды айқындайды;

7) аудандық деңгейде осы Қағидалардың 19-тармағында (1-тармақшасын қоспағанда) көрсетілген мерзімдерге дейін үш күн бұрын облыстық деңгейдегі тиісті аумақтағы Комитеттің аумақтық бөлімшелеріне жиынтық ақпаратты жібереді;

8) облыстық деңгейде осы Қағидалардың 20-тармағына (1-тармақшасын қоспағанда) сәйкес мерзімдерде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің "Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының "Санитариялық-эпидемиологиялық сараптама және мониторинг ғылыми-практикалық орталығы" филиалы (бұдан әрі – "ҚДСҰО" ШЖҚ-дағы РМК "СЭСЖМҒПО") жүргізген санитариялық-эпидемиологиялық мониторинг бойынша талдауды және жиынтық ақпаратты жібереді;

9) тиісті аумақта санитариялық-эпидемиологиялық мониторингтің деректер базасын құруды және деректерді сақтауды жүзеге асырады.

**Ескерту. 18-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 13.10.2023 № 154 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**19. "ҚДСҰО" ШЖҚ-дағы РМК "СЭСЖМҒПО":**

- 1) мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелері, ведомстволық бағынысты ұйымдары ұсынған деректерді жинауды, өңдеуді және жүйелеуді жүргізеді;
- 2) алынған деректерді талдауды жүргізеді, Қазақстан Республикасының аумағындағы санитариялық-эпидемиологиялық жағдайға болжам жасайды;
- 3) республиканың аумағында субъектілердің қызметіне теріс әсер ету салдарларын азайту және оларды жою үшін жүргізілетін іс-шаралардың тиімділігі жөнінде ұсынымдар әзірлейді;
- 4) мемлекеттік органның ведомстволық бағынысты ұйымдарын санитариялық-эпидемиологиялық мониторинг деректерімен әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асырады;
- 5) осы Қағидалардың 20-тармағына сәйкес мерзімдерде жүргізілген санитариялық-эпидемиологиялық мониторинг бойынша талдауды және жиынтық ақпаратты мемлекеттік органға жібереді;
- 6) республика бойынша санитариялық-эпидемиологиялық мониторингтің деректер базасын құруды және жүргізуді жүзеге асырады;
- 7) өңірлер бөлігінде жалпы республика бойынша халық денсаулығы жағдайының серпіні мен оның өзгеруінің, қоршаған ортаның ластануы мен халық денсаулығына тәуекелдің ақпараттық бюллетеньдерін жасайды.

**5-тарау. Санитариялық-эпидемиологиялық мониторинг жөніндегі ақпаратты ұсыну мерзімдері**

20. Мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелері облыстық деңгейде санитариялық-эпидемиологиялық мониторинг жөніндегі жиынтық ақпаратты "ҚДСҰО" ШЖҚ-дағы РМК "СЭСЖМҒПО"-ның филиалына":

- 1) 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10-қосымшаларға сәйкес апта сайын жұма күндері сағат 17.00-ге дейін;
- 2) 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16-қосымшаларға сәйкес ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 1-ші күніне;
- 3) 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16-қосымшаларға сәйкес тоқсан сайын есепті тоқсаннан кейінгі айдың 5-ші күніне;
- 4) 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27-қосымшаларға сәйкес тоқсан сайын тоқсанның соңғы айының 20-шы күніне дейін;
- 5) 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16-қосымшаларға сәйкес жарты жылда бір рет есепті жартыжылдықтан кейінгі айдың 5-ші күніне;

6) 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28-қосымшаларға сәйкес жарты жылда бір рет жарты жылдың соңғы айының 20-шы күніне дейін;

7) 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16-қосымшаларға сәйкес жылына бір рет есепті жылдан кейінгі айдың 5-ші күніне өсу ретімен;

8) 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28-қосымшаларға сәйкес жылына бір рет жылдың соңғы айының 20-шы күніне дейін өсу ретімен;

9) 29-қосымшаға сәйкес ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 10-шы күніне жібереді

**Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 07.03.2025 № 17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

21. "ҚДСҰО" ШЖҚ-дағы РМК "СЭСЖМҒПО" филиалы санитариялық-эпидемиологиялық мониторинг жөніндегі ақпаратты мемлекеттік органға:

1) 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10-қосымшаларға сәйкес апта сайын дүйсенбі күндері сағат 10.00-ге дейін;

2) 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16-қосымшаларға сәйкес ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 1-ші күніне;

3) 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16-қосымшаларға сәйкес тоқсан сайын есепті тоқсаннан кейінгі айдың 1-ші күніне;

4) 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27-қосымшаларға сәйкес тоқсан сайын тоқсанның соңғы айының 25-ші күніне қарай;

5) 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16-қосымшаларға сәйкес жарты жылда бір рет есепті жартыжылдықтан кейінгі айдың 1-ші күніне;

6) 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28-қосымшаларға сәйкес жарты жылда бір рет, жарты жылдың соңғы айының 25-ші күніне дейін;

7) 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16-қосымшаларға сәйкес жылына бір рет есепті жылдан кейінгі айдың 10-шы күніне өсу ретімен;

8) 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28-қосымшаларға сәйкес жылына бір рет жылдың соңғы айының 25-ші күніне дейін өсу ретімен жібереді.

**Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 07.03.2025 № 17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

22. Егер санитариялық-эпидемиологиялық мониторинг жөніндегі есептілік нысандарын ұсыну мерзімінің соңғы күні жұмыс емес күнге түскен жағдайда, ұсыну мерзімі келесі жұмыс күні болып табылады.

23. Қажет болған жағдайда мемлекеттік орган жыл ішінде "ҚДСҰО" ШЖҚ-дағы РМК "СЭСЖМҒПО"-дан ұсынылған санитариялық-эпидемиологиялық мониторинг жөніндегі есептілік нысандары бойынша таратып жазуды (растайтын құжаттарды)



сұратады, олар мемлекеттік органға сұрау салуды алған кезден бастап үш жұмыс күні ішінде ұсынылады.

24. Ағымдағы жылды қорытындылау және мемлекеттік органға ақпарат ұсыну есепті күнтізбелік жылдан кейінгі жылдың 10 қаңтарына аяқталады.

Санитариялық-  
эпидемиологиялық  
мониторингті жүргізу  
қағидаларына  
1-қосымша  
Әкімшілік деректерді жинауға  
арналған нысан

**Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 07.03.2025 № 17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Ұсынады: Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігіне

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан интернет – ресурста орналастырылған: [www.gov.kz](http://www.gov.kz)

Әкімшілік нысанның атауы: "Инфекциялық сырқаттанушылықты мониторингілеу 20\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ кезең ішінде (апталық, өсу ретімен) оқушылар арасында "А" вирустық гепатитімен сырқаттанушылықты санитариялық-эпидемиологиялық мониторингілеу нысаны"

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі (нысан атауының қысқаша әріптік-цифрлық көрінісі): 01-ИРПК

Кезеңділік: апта сайын, ай сайын, тоқсан сайын, жарты жылда бір рет, жылына бір рет өсу ретімен

Есепті кезең: \_\_\_\_\_ 20\_\_ жыл

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын адамдар тобы: облыстар мен Астана, Алматы және Шымкент қалаларының аумақтық бөлімшелері және "ҚДСҰО" ШЖҚ-дағы РМК "СЭСЖМҒПО" филиалы

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: апта сайын жұма күндері сағат 17.00-ге дейін, ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 1-ші күніне, тоқсан сайын есепті тоқсаннан кейінгі айдың 5-ші күніне, жарты жылда бір рет есепті жартыжылдықтан кейінгі айдың 5-ші күніне, жылына бір рет есепті жылдан кейінгі айдың 5-ші күніне өсу ретімен

ЖСН/БСН

--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

Жинау әдісі: электронды түрде

Инфекциялық сырқаттанушылықты мониторингілеу

**20\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ кезең ішінде (апталық, өсу ретімен) оқушылар арасында "А" вирустық гепатитімен сырқаттанушылықты санитариялық-эпидемиологиялық мониторингілеу нысаны**

аумақтың атауы	х а л ы қ арасында АВГ (А вирусты гепатит) жалпы жағдайлары	мектептер саны	мектептердегі оқушылар саны	интернаттар саны	мектептердегі оқушылар саны	А В Г тіркелген мектептердің, мектеп-интернаттардың саны
1	2	3	4	5	6	7

**Кестенің жалғасы**

олардағы ауру оқушылардың саны	науқастардың жалпы санынан мектеп оқушыларының үлесі	1-2 жағдай анықталған мектептер, мектеп-интернаттар	3-10 жағдай	11-20 жағдай	21 немесе одан да көп жағдай	ВГА-мен мектептер мен интернаттардың үлесі
8	9	10	11	12	13	14

Атауы \_\_\_\_\_

Мекенжайы \_\_\_\_\_

Телефоны \_\_\_\_\_

Электрондық пошта мекенжайы \_\_\_\_\_

Орындаушы \_\_\_\_\_

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы, телефон

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам \_\_\_\_\_

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы

Мөрдiң орны (жеке кәсіпкерлер болып табылатын тұлғалардан қоспағанда) \_\_\_\_\_

**"Инфекциялық сырқаттанушылықты мониторингілеу 20\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ кезең ішінде (апталық, өсу ретімен) оқушылар арасында "А" вирустық гепатитімен сырқаттанушылықты санитариялық-эпидемиологиялық мониторингілеу нысаны" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды толтыру жөніндегі түсіндірме (индекс: 01-ИРПК және кезеңділігі: апта сайын, ай сайын, тоқсан сайын, жарты жылда бір рет, жылына бір рет) 1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы "Инфекциялық сырқаттанушылықты мониторингілеу. 20\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ кезең ішінде (апталық, өсу ретімен) оқушылар арасында "А" вирустық гепатитімен сырқаттанушылықты санитариялық-эпидемиологиялық мониторингілеу нысаны"

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды (бұдан әрі - Нысан) толтыру жөніндегі түсіндірме Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру тәртібін регламенттейді.

2. Нысанды облыстар мен Астана, Алматы және Шымкент қалаларының аумақтық бөлімшелері және "ҚДСҰО" ШЖҚ-дағы РМК "СЭСЖМҒПО" филиалы толтырады.

3. Толтырылған нысан апта сайын жұма күндері сағат 17.00-ге дейін, ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 1-ші күніне, тоқсан сайын есепті тоқсаннан кейінгі айдың 5-ші күніне, жарты жылда бір рет есепті жартыжылдықтан кейінгі айдың 5-ші күніне, жылына бір рет есепті жылдан кейінгі айдың 5-ші күніне өсу ретімен ұсынылады.

4. Нысанға басшы немесе оның міндетін атқарушы тұлға оның тегі мен аты-жөнін, сондай-ақ толтырылған күнін көрсете отырып қол қояды.

5. Нысан қазақ және орыс тілдерінде толтырылады.

6. Әкімшілік деректер түрінде қолданылатын терминдер мен анықтамалар:

1) "А" гепатиті – "А" гепатиті вирусынан туындаған бауырдың жіті инфекциялық ауруы;

2) инкубациялық кезең – инфекция қоздырғышы организмге түскен сәттен бастап аурудың алғашқы белгілері пайда болғанға дейінгі уақыт кезеңі;

3) энтеральды механизм – инфекцияның асқазан-ішек жолдары арқылы берілуі.

## **2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

1) 1-бағанда Әкімшілік-аумақтық объектілер сыныптамасына (ӘАОС) сәйкес мониторинг жасаған аумақтың атауы (аудан/қала (СЭББ) және облыс/республикалық маңызы бар қаланың (СЭБД) көрсетіледі;

2) 2-бағанда есепті аптадағы халық арасында ауданда/қалада және облыста/республикалық маңызы бар қалада тіркелген АВГ (А вирусты гепатиті) жалпы жағдайлары саны (абс. саны) көрсетіледі;

3) 3-бағанда ауданда / қалада және облыста/республикалық маңызы бар қалада есепте тұрған мектептердің барлығы (абс.саны) көрсетіледі;

4) 4-бағанның 4-бағанында аудан/қала және облыс/республикалық маңызы бар қаладағы мектептерде оқитын барлық балалар саны (абс.саны) көрсетіледі;

5) 5-бағанда мектеп-интернаттардың (абс.саны) көрсетіледі;

6) 6-бағанда аудан/қала және облыс/ республикалық маңызы бар қаладағы мектеп-интернаттарда оқитын балалардың барлығы (абс.саны) көрсетіледі;

7) 7-бағанда есепті аптада АВГ жағдайлары тіркелген мектептер мен интернаттардың (абс. саны) көрсетіледі;

8) 8-бағанда есепті аптада АВГ-мен ауырған барлық оқушылар саны (абс.саны) көрсетіледі;

9) 9-бағанда оқушылардың пайыздық форматтағы үлес салмағы көрсетіледі, мына формула бойынша есептеледі:  $(8\text{-баған} * 100\%) / 2\text{-баған}$ ;

10) 10-бағанда есепті аптада АВГ-ның 1-2 жағдайы тіркелген мектептер мен интернаттардың барлы саны (абс. саны) көрсетіледі;

11) 11-бағанда есепті аптада 3-10 жағдай тіркелген мектептер мен мектеп интернаттарының саны (абс. саны) көрсетіледі;

12) 12-бағанда есепті аптада 11-20 жағдай тіркелген мектептер мен мектеп интернаттарының саны (абс. саны) көрсетіледі;

13) 13-бағанда есепті аптада 21 және одан да көп АВГ жағдайлары тіркелген мектептер мен мектеп интернаттарының саны (абс. саны) көрсетіледі;

14) 14-бағанда үлес салмағы пайыздық форматта көрсетіледі, мына формула бойынша есептеледі:  $(7\text{-баған} \cdot 100\%) / (3\text{-баған} + 5\text{-баған})$ .

Санитариялық-  
эпидемиологиялық  
мониторингі жүргізу  
қағидаларына  
2-қосымша  
Әкімшілік деректерді жинауға  
арналған нысан

**Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 07.03.2025 № 17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Ұсынады: Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігіне

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан интернет – ресурста орналастырылған: [www.gov.kz](http://www.gov.kz)

Әкімшілік нысанның атауы: "Инфекциялық сырқаттанушылықты мониторингілеу

20\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ кезең ішінде (апталық, өсу ретімен) Қазақстан Республикасы халқының жіті енжар параличпен сырқаттанушылығын санитариялық-эпидемиологиялық мониторингілеу нысаны"

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі (нысан атауының қысқаша әріптік-цифрлық көрінісі): 02-ИРПК

Кезеңділік: апта сайын, ай сайын, тоқсан сайын, жарты жылда бір рет, жылына бір рет өсу ретімен

Есепті кезең: \_\_\_\_\_ 20\_\_ жыл

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын адамдар тобы: облыстар мен Астана, Алматы және Шымкент қалаларының аумақтық бөлімшелері және "ҚДСҰО" ШЖҚ-дағы РМК "СЭСЖМҒПО" филиалы

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: апта сайын жұма күндері сағат 17.00-ге дейін, ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 1-ші күніне, тоқсан сайын есепті тоқсаннан кейінгі айдың 5-ші күніне, жарты жылда бір рет есепті жартыжылдықтан кейінгі айдың 5-ші күніне, жылына бір рет есепті жылдан кейінгі айдың 5-ші күніне өсу ретімен

ЖСН/БСН

--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

Жинау әдісі: электронды түрде

Инфекциялық сырқаттанушылықты мониторингілеу

**20\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ кезең ішінде (апталық, өсу ретімен) Қазақстан Республикасы халқының жіті енжар параличпен сырқаттанушылығын санитариялық-эпидемиологиялық мониторингілеу нысаны**

аумақ атауы	15 жасқа дейінгі балалар саны	тіркелді		2 барабар үлгі жиналды (жалпы жағдай саны ішінде)		индекс	60 күннен кейін қайта тексерілді		полиомиелитті емес энтеровирустар (ПЕЭВ) бөлінді (15 жасқа дейінгі балаларда)	
		абс.	100 мың адамға шаққанда	абс.	%		абс.	тексеруге жататындар санының %-ы	абс.	%
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

алғашқы 7 күнде тіркелді		алғашқы 48 сағатта тергеп тексерілді		90 және одан да көп күннен кейін жіктелмеді		есепті кезең ішінде жіктелгеннің барлығы		
абс.	%	абс.	%	абс.	%	абс.	%	100 мың адамға шаққанда
12	13	14	15	16	17	18	19	20

Атауы \_\_\_\_\_

Мекенжайы \_\_\_\_\_

Телефоны \_\_\_\_\_

Электрондық пошта мекенжайы \_\_\_\_\_

Орындаушы \_\_\_\_\_

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы, телефон

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам \_\_\_\_\_

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы

Мөрдiң орны (жеке кәсіпкерлер болып табылатын тұлғалардан қоспағанда) \_\_\_\_\_

"Инфекциялық сырқаттанушылықты мониторингілеу 20\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ кезең ішінде (апталық, өсу ретімен) Қазақстан Республикасы халқының жіті енжар параличпен

**сырқаттанушылығын санитариялық-эпидемиологиялық мониторингілеу нысаны" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды толтыру жөніндегі түсіндірме (индекс : 02-ИРПК және кезеңділігі: апта сайын, ай сайын, тоқсан сайын, жарты жылда бір рет, жылына бір рет)**

## **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы "Инфекциялық сырқаттанушылықты мониторингілеу. 20\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ кезең ішінде (апталық, өсу ретімен) Қазақстан Республикасы халқының жіті енжар параличпен сырқаттанушылығын санитариялық-эпидемиологиялық мониторингілеу нысаны" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды (бұдан әрі - Нысан) толтыру жөніндегі түсіндірме әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру нысаны бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысанды облыстар мен Астана, Алматы және Шымкент қалаларының аумақтық бөлімшелері және "ҚДСҰО" ШЖҚ-дағы РМК "СЭСЖМҒПО" филиалы толтырады.

3. Толтырылған нысан апта сайын жұма күндері сағат 17.00-ге дейін, ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 1-ші күніне, тоқсан сайын есепті тоқсаннан кейінгі айдың 5-ші күніне, жарты жылда бір рет есепті жартыжылдықтан кейінгі айдың 5-ші күніне, жылына бір рет есепті жылдан кейінгі айдың 5-ші күніне өсу ретімен.

4. Нысанға басшы немесе оның міндетін атқарушы тұлға оның тегі мен аты-жөнін, сондай-ақ толтырылған күнін көрсете отырып қол қояды.

5. Нысан қазақ және орыс тілдерінде толтырылады.

6. Әкімшілік деректер нысанында пайдаланылатын терминдер мен анықтамалар:

1) санитариялық-эпидемиологиялық мониторинг – жинау, өңдеу, жүйелеу, талдау, бағалау және болжау, сондай-ақ халықтың денсаулығы мен қоршаған ортаның жай-күйі арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды анықтау арқылы халықтың денсаулығы мен қоршаған ортаның жай-күйін бақылаудың мемлекеттік жүйесі;

2) жіті енжар паралич – Гийена-Барре синдромын қоса алғанда 15 жасқа дейінгі балада жедел салданудың кез келген жағдайы немесе жасына қарамастан полиомиелитке күдік туындаған кез келген сал ауруы;

3) инфекциялық және паразиттік аурулар – пайда болуы мен таралуы қоршаған ортаның биологиялық факторларының әсерінен және аурудың ауру адамнан, жануардан сау адамға жұғу мүмкіндігімен шартталған адам аурулары.

## **2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

1) 1-бағанда Әкімшілік-аумақтық объектілер сыныптамасына (ӘАОС) сәйкес аумақтың атауы толтырылады;

1) 2-бағанда 15 жасқа дейінгі балалар саны көрсетіледі;

2) 3-бағанда тіркелгендердің саны, абсолютті сан көрсетіледі;

3) 4-бағанда 100 мың тұрғынға шаққандағы көрсеткіш көрсетіледі;

- 4) 5-бағанда жалпы жағдай саны ішінде жиналған 2 барабар үлгі саны, абсолюттік саны көрсетіледі;
- 5) 6-бағанда жалпы жағдай саны ішінде жиналған 2 барабар үлгі пайызы көрсетіледі ;
- 6) 7-бағанда индекс көрсетіледі;
- 7) 8-бағанда 60 күннен кейін қайта тексерілген сан, абсолюттік сан көрсетіледі;
- 8) 9-бағанда тексеруге жататындардың санынан пайызы көрсетіледі;
- 9) 10-бағанда 15 жасқа дейінгі балаларда бөлінген полиемиелитті емес энтеровирустар (ПЕЭВ) саны, абсолюттік саны көрсетіледі;
- 10) 11-бағанда 15 жасқа дейінгі балаларда бөлінген полиемиелитті емес энтеровирустар (ПЕЭВ) пайызы көрсетіледі;
- 11) 12-бағанда алғашқы 7 күнде тіркелгендердің абсолюттік сан;
- 12) 13-бағанда алғашқы 7 күнде тіркелгендердің пайызы көрсетіледі;
- 13) 14-бағанда алғашқы 48 сағатта тергеп-тексерілгендердің саны, абсолютті саны көрсетіледі;
- 14) 15-бағанда алғашқы 48 сағатта тергеп-тексерілгендердің пайызы көрсетіледі;
- 15) 16-бағанда 90 және одан да көп күннен кейін жіктелмегендердің саны, абсолюттік сан көрсетіледі;
- 16) 17-бағанда 90 және одан да көп күннен кейін жіктелмегендердің пайызы көрсетіледі;
- 17) 18-бағанда барлық жіктелгендердің есепті кезеңдегі саны, абсолюттік саны көрсетіледі;
- 18) 19-бағанда есепті кезеңдегі барлық жіктелгендердің пайызы көрсетіледі, пайыз;
- 19) 20-бағанда барлық есепті кезеңде жіктелгендердің 100 мың тұрғынға шаққандағы көрсеткішті көрсетіледі.

Санитариялық-  
эпидемиологиялық  
мониторингі жүргізу  
қағидаларына  
3-қосымша  
Әкімшілік деректерді жинауға  
арналған нысан

**Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 07.03.2025 № 17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Ұсынады: Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігіне  
Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан интернет – ресурста орналастырылған: [www.gov.kz](http://www.gov.kz)

Әкімшілік нысанның атауы: "Инфекциялық сырқаттанушылықты мониторингілеу





тың атауы	йлар саны	жағдайы	жатқызылды							н асқан	адамдар	үлгілер	ың саны
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14

үлгілер "ҚДҰО" ШЖҚ РМК "СЭСЖМҒПО" филиалының ұлттық референттік зертханасында (ҰРЗ) алынды.	"ҚДҰО" ШЖҚ РМК "СЭСЖМҒПО" ҰКП-да расталғандардың саны теріс.	% зертхана расталды (теріс санынан ҰКП+ҰКП бірақ, "ҚДҰО" ШЖҚ РМК "СЭСЖМҒПО" филиалындағы "он")	расталған жағдайлармен байланысты эпидемиялық жағдайлардың саны
15	16	17	18

2- кесте

аумақтың атауы	есепті апта ішінде вакцинацияланған адамдар жағдайлар	жылдан бастап жиынтық жиынтықпен вакцинацияланған адамдар жағдайлар.	жалпы жағдайлардың % вакцинацияланған	вакцинацияланған адамдарда қызамық ауруларының жас диапазоны						
				1 жылға дейін	1-4 жыл	5-9 жас	10-14 жас	15-19 жас	20-29 жас	30 жастан асқан
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

**"Инфекциялық сырқаттанушылықты мониторингілеу 20\_\_ жылғы \_\_\_\_ кезең ішінде ( апталық, өсу ретімен) Қазақстан Республикасы халқының қызамықпен сырқаттанушылығын санитариялық-эпидемиологиялық мониторингілеу нысаны"** әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды толтыру жөніндегі түсіндірме (индекс: 03-ИРПК және кезеңділігі: апта сайын, ай сайын, тоқсан сайын, жарты жылда бір рет, жылына бір рет өсу ретімен) 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы "Инфекциялық сырқаттанушылықты мониторингілеу. 20\_\_ жылғы \_\_\_\_ кезең ішінде (апталық, өсу ретімен) Қазақстан Республикасы халқының қызамықпен сырқаттанушылығын санитариялық-эпидемиологиялық мониторингілеу нысаны" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды (бұдан әрі - Нысан) толтыру жөніндегі түсіндірме әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру нысаны бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысанды облыстар мен Астана, Алматы және Шымкент қалаларының аумақтық бөлімшелері және "ҚДСҰО" ШЖҚ-дағы РМК "СЭСЖМҒПО" филиалы толтырады.

3. Толтырылған нысан апта сайын жұма күндері сағат 17.00-ге дейін, ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 1-ші күніне, тоқсан сайын есепті тоқсаннан кейінгі айдың 5-

ші күніне, жарты жылда бір рет есепті жартыжылдықтан кейінгі айдың 5-ші күніне, жылына бір рет есепті жылдан кейінгі айдың 5-ші күніне өсу ретімен ұсынылады.

4. Нысанға басшы немесе оның міндетін атқарушы тұлға оның тегі мен аты-жөнін, сондай-ақ толтырылған күнін көрсете отырып қол қояды.

5. Нысан қазақ және орыс тілдерінде толтырылады.

6. Әкімшілік деректер түрінде қолданылатын терминдер мен анықтамалар:

1) қызамық – антропоноздық лимфа түйіндерінің, әсіресе желке және желке түйіндерінің ұлғаюымен, артқы сыртқы, макулопапулярлы бөртпемен және орташа уыттанумен сипатталатын, ауа-тамшы арқылы берілу механизмі бар жіті респираторлық вирустық инфекция;

2) вакциналар – иммундық жүйе арқылы профилактикалық әсер ететін инфекциялық аурулардың спецификалық профилактикасына арналған дәрілік препараттар;

3) референс-зертхана – сапаны сырттай бағалау жүйесін енгізу бойынша ұйымдастырушылық-әдістемелік жұмысты жүзеге асыратын және денсаулық сақтау саласындағы күрделі зертханалық диагностиканың және сараптамалық жағдайлар зерттеулерді жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымының зертханасы.

### **Нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

1-кесте

1) 1-бағанда Әкімшілік-аумақтық объектілер сыныптамасына (ӘАОС) сәйкес аумақтың атауы толтырылады;

2) 2-бағанда есепті кезеңдегі бір аптада тіркелген жағдайлар көрсетіледі;

3) 3-бағанда үдемелі қорытындымен барлық жағдай көрсетіледі;

4) 4-бағанда оның ішінде ауруханаға жатқызылғандар көрсетіледі;

5) 5-бағанда 1 жасқа дейін ауырғандардың жас аралығы;

6) 6-бағанда 1-4 жастағы ауырғандардың жас аралығы көрсетіледі;

7) 7-бағанда 5-9 жастағы ауырғандардың жас аралығы көрсетіледі;

8) 8-бағанда 10-14 жастағы ауырғандардың жас аралығы көрсетіледі;

9) 9-бағанда 15-19 жастағы ауырғандардың жас аралығы көрсетіледі;

10) 10-бағанда 20-29 жастағы ауырғандардың жас аралығы көрсетіледі;

11) 11- бағанда 30 жастан асқан ауырғандардың жас аралығы көрсетіледі;

12) 12-бағанда қызамыққа қарсы егілген адамдардың ауырған саны көрсетіледі;

13) 13-бағанда Ұлттық сараптама орталығындағы (ҰСО) зерттелген сынамалар саны көрсетіледі;

14) 14-бағанда ҰСО-да расталған жағдайлардың саны көрсетіледі;

15) 15-бағанда "ҚДСҰО" ШЖҚ-дағы РМК "СЭСЖМҒПО" ұлттық референс зертхана (ҰРЗ) түскен сынамалар саны көрсетіледі;

16) 16-бағанда ҰСО-да теріс нәтижелер ішіндегі СЭСЖМҒПО ҰРЗ-да расталғандар саны көрсетіледі;

17) 17-бағанда зертханалық расталғандар %-ы (ҰСО+ҰСО-да теріс нәтижелер ішіндегі, бірақ СЭСЖМҒПО ҰРЗ-да "оң" көрсетіледі;

18) 18-бағанда расталған жағдаймен байланысты эпид. жағдайлар саны көрсетіледі;  
2 -кесте

1) 1-бағанда Әкімшілік-аумақтық объектілер сыныптамасына (ӘАОС) сәйкес аумақтың атауы толтырылады;

2) 2-бағанда есепті апта ішінде егілгендердегі жағдай көрсетіледі;

3) 3-бағанда \_\_\_\_ жылы бастап өсу қорытындысымен егілгендердегі барлық жағдайлар көрсетіледі;

4) 4-бағанда жағдайлардың жалпы саны ішінде егілгендер %-ы көрсетіледі;

5) 5-бағанда 1 жасқа дейін егілген адамдардағы қызамық жағдайларының жас ауқымы көрсетіледі;

6) 6-бағанда 1-4 жастағы егілген адамдардағы қызамық жағдайларының жас ауқымы көрсетіледі;

7) 7-бағанда 5-9 жастағы егілген адамдардағы қызамық жағдайларының жас ауқымы көрсетіледі;

8) 8-бағанда 10-14 жастағы егілген адамдардағы қызамық жағдайларының жас ауқымы көрсетіледі;

9) 9-бағанда 15-19 жастағы егілген адамдардағы қызамық жағдайларының жас ауқымы көрсетіледі;

10) 10-бағанда 20-29 жастағы егілген адамдардағы қызамық жағдайларының жас ауқымы көрсетіледі;

11) 11-бағанда 30 жастан жоғары жастағы егілген адамдардағы қызамық жағдайларының жас ауқымы көрсетіледі.

Санитариялық-  
эпидемиологиялық  
мониторингі жүргізу  
қағидаларына  
4-қосымша  
Әкімшілік деректерді жинауға  
арналған нысан

**Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 07.03.2025 № 17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Ұсынады: Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігіне

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан интернет – ресурста орналастырылған: [www.gov.kz](http://www.gov.kz)

Әкімшілік нысанның атауы: "Инфекциялық сырқаттанушылықты мониторингілеу

20\_\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ кезең ішінде (ай сайын, өсу ретімен) Қазақстан Республикасы тұрғындарының қызылшамен сырқаттанушылығын санитариялық-эпидемиологиялық мониторингілеу нысаны"

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі (нысан атауының қысқаша әріптік-цифрлық көрінісі): 04-ИРПК

Кезеңділік: апта сайын, ай сайын, тоқсан сайын, жарты жылда бір рет, жылына бір рет өсу ретімен

Есепті кезең: \_\_\_\_\_ 20\_\_\_ жыл

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын адамдар тобы: облыстар мен Астана, Алматы және Шымкент қалаларының аумақтық бөлімшелері және "ҚДСҰО" ШЖҚ-дағы РМК "СЭСЖМҒПО" филиалы.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: апта сайын жұма күндері сағат 17.00-ге дейін, ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 1-ші күніне, тоқсан сайын есепті тоқсаннан кейінгі айдың 5-ші күніне, жарты жылда бір рет есепті жартыжылдықтан кейінгі айдың 5-ші күніне, жылына бір рет есепті жылдан кейінгі айдың 5-ші күніне өсу ретімен

ЖСН/БСН

--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

Жинау әдісі: электронды түрде

Инфекциялық сырқаттанушылықты мониторингілеу

**20\_\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ кезең ішінде (ай сайын, өсу ретімен) Қазақстан Республикасы тұрғындарының қызылшамен сырқаттанушылығын санитариялық-эпидемиологиялық мониторингілеу нысаны**

аумақ атауы	ағымдағы апта ішінде тіркелген жағдайлар саны	барлық кезеңдегі жағдайлар саны жиынтығы								
		өсу қорытындысымен жағдайлардың барлығы	оның ішінде аурухан аға жатқызылды	сырқаттанғандардың жас ауқымы						30 жасан жоғары
				1 жасқа дейін	1-4 жас	5-9 жас	10-14 лас	15-19 жас	20-29 жас	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

Кестенің жалғасы

барлық кезеңдегі жағдайлар саны жиынтығы						
қызылшаға қарсы	Облыстың немесе қаланың ҰСО-да	ҰСО-да расталған	СЭСЖМҒПО ҰРЗ-ға	СЭСЖМҒПО ҰРЗ-да	қызылшаның расталған жағдайымен эпид.	өлім-жітім

егілгендер сырқаттанды	сынамалар зерттелді	жағдайлар саны	сынамалар түсті	расталған жағдайлар саны	байланысты жағдайлар саны	
12	13	14	15	16	17	18

Атауы \_\_\_\_\_

Мекенжайы \_\_\_\_\_

Телефоны \_\_\_\_\_

Электрондық пошта мекенжайы \_\_\_\_\_

Орындаушы \_\_\_\_\_

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы, телефон

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам \_\_\_\_\_

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы

Мөрдiң орны (жеке кәсiпкерлер болып табылатын тұлғалардан қоспағанда) \_\_\_\_\_

**"Инфекциялық сырқаттанушылықты мониторингілеу 20\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ кезең ішінде (апталық, өсу ретімен) Қазақстан Республикасы халқының қызылшамен сырқаттанушылығын санитариялық-эпидемиологиялық мониторингілеу нысаны" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды толтыру жөніндегі түсіндірме (индекс : 04-ИРПК және кезеңділігі: апта сайын, ай сайын, тоқсан сайын, жарты жылда бір рет, жылына бір рет өсу ретімен)**

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы "Инфекциялық сырқаттанушылықты мониторингілеу. 20\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ кезең ішінде (апталық, өсу ретімен) Қазақстан Республикасы халқының қызылшамен сырқаттанушылығын санитариялық-эпидемиологиялық мониторингілеу нысаны" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды (бұдан әрі - Нысан) толтыру жөніндегі түсіндірме әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру нысаны бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысанды облыстар мен Астана, Алматы және Шымкент қалаларының аумақтық бөлімшелері және "ҚДСҰО" ШЖҚ-дағы РМК "СЭСЖМҒПО" филиалы толтырады.

3. Толтырылған нысан апта сайын жұма күндері сағат 17.00-ге дейін, ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 1-ші күніне, тоқсан сайын есепті тоқсаннан кейінгі айдың 5-ші күніне, жарты жылда бір рет есепті жартыжылдықтан кейінгі айдың 5-ші күніне, жылына бір рет есепті жылдан кейінгі айдың 5-ші күніне өсу ретімен ұсынылады.

4. Нысанға басшы немесе оның міндетін атқарушы тұлға оның тегі мен аты-жөнін, сондай-ақ толтырылған күнін көрсете отырып қол қояды.

5. Нысан қазақ және орыс тілдерінде толтырылады.

6. Әкімшілік деректер түрінде қолданылатын терминдер мен анықтамалар:

1) қызылша – антропоноздық жіті аса жұқпалы қызбамен, уыттанумен, дақты-папулезді бөртпенің сатылы атқылауымен, энантемамен, конъюнктиваның және жоғарғы тыныс жолдарының зақымдануымен сипатталатын қоздырғыштың ауа-тамшылы берілу механизмі бар респираторлық вирустық инфекция;

2) иммуноглобулиндер – адам мен жануарлардың қан сарысуынан жасалған иммундық-биологиялық дәрілік препараттар, сондай-ақ моноклоналды инфекциялық аурулардың шұғыл профилактикасы және оларды емдеу мақсатында қолданылатын антиденелер;

3) вакцинация – белгілі бір инфекциялық қоздырғышқа немесе олар шығаратын экзотоксиндерге қарсы белсенді қорғаныс иммунитетін қалыптастыру мақсатында организмге антигенге спецификалық компоненттерді енгізуге бағытталған іс-шаралар кешені.

## **2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

1) 1-бағанда Әкімшілік-аумақтық объектілер сыныптамасына (ӘАОС) сәйкес аумақтың атауы толтырылады;

2) 2-бағанда ағымдағы апта ішінде тіркелген жағдайлар саны көрсетіледі;

3) 3-бағанда барлық кезеңдегі жағдайлар саны жиынтығы ішінен өсу қорытындысымен жағдайлардың барлығы көрсетіледі;

4) 4-бағанда олардың ішінде ауруханаға жатқызылғандар көрсетіледі;

5) 5-бағанда 1 жасқа дейін ауырғандардың жас аралығы;

6) 6-бағанда 1-4 жастағы ауырғандардың жас аралығы көрсетіледі;

7) 7-бағанда 5-9 жастағы ауырғандардың жас аралығы көрсетіледі;

8) 8-бағанда 10-14 жастағы ауырғандардың жас аралығы көрсетіледі;

9) 9-бағанда 15-19 жастағы ауырғандардың жас аралығы көрсетіледі;

